

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1741. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.01. N 450 қаулысымен. ~P970450

"Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оларды ұстау шығындарын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1442 қаулысына P951442_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы қоса беріліп отырған Ереже (N 1 қосымша); < * >

2 . < * >

3 . < * >

4 . < * >

5 . < * >

Ескерту. 3-4-тармақтарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.06.03. N 687 қаулысымен. P960687_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 3-ші абзацы және 2-5-тармақтардың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1995.12.19. N 1589 қаулысымен.

6. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 наурыздағы N 279 қаулысының 1-тармағы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы Ережені бекіту бөлігі (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 14 , 136 - бап) ;

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 желтоқсандағы N 1478 қаулысының 1-тармағының үшінші абзацы, 2 және 3 тармақтары.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1995 жылғы 19 желтоқсандағы

№ 1741 қаулысына

№ 1 қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет

министрлігі туралы

Е Р Е Ж Е

1. Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады және өз қызметін Республика Конституциясына, заңдарына, Президент пен Үкімет актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында демократиялық құқықты мемлекет құруға жан-жақты жәрдемдесу, құқықтық реформаны нақты жүзеге асыру жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету және үйлестіру болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының әділет органдарының бірыңғай жүйесін құрайтын аумақтық әділет басқармаларына, нотариалды кеңселерге, азаматтық хал актілерін жазу органдарына, оқу орындары мен ғылыми мекемелерге басшылықты жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ұлттық заң агенттігінің қызметіне жалпы басшылықты, адвокатура қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, әділет органдарының бірыңғай жүйесін құрайтын органдар, мекемелер мен оқу орындары республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталады.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңды тұлға болып табылады, оның қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі болады.

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі нормативтік-құқықтық актілерді, халықаралық шарттарды, анықтама-әдістемелік материалдарды ресми жариялауға маманданған заң газетінің, журналдардың қосымша құрылтайшысы, сондай-ақ Ұлттық заң агенттігінің құрылтайшысы болып табылады.

8. Құқықтық реформаны кешенді тұрғыда жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жанынан Құқықтық реформа жөніндегі үйлестіру кеңесі жұмыс істейді.

9. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) саяси экономикалық және әлеуметтік өмірдің құқықтық негіздерін

орнықтыруға жәрдемдесу, заң жобаларын әзірлеу жұмыстарын ғылыми және практикалық тұрғыда қамтамасыз ету, құқықтық актілер жобаларының құқықтық және криминологиялық сарапталуын, сондай-ақ қабылданатын заңдардың тиімділігін болжауды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасы заңдарын жетілдіру және жүйеге келтіру, құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу, бірыңғай құқықтық ақпарат жүйесін құру, Үкімет құрамына кірмейтін Республика министрліктеріне, мемлекеттік комитеттеріне, орталық атқарушы органдарына, сондай-ақ республиканың ведомстволарына заң жөніндегі анықтама-кодификациялық жұмыста әдістемелік көмек көрсету;

3) заң кадрларын даярлау және қайта даярлау;

4) әділет органдарын, мекемелерін және сорттарды кадрлармен қамтамасыз ету, олардың еңбегін тиімді пайдалану үшін жағдай жасау;

5) құқық ғылымының дамуына және оның жетістіктерін мемлекеттік құрылыста пайдалануға, әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар жүргізуге жәрдемдесу;

6) Республика соттарының қызметін ұйымдастыру жағынан қамтамасыз ету;

7) Үкімет құрамына кірмейтін республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, орталық атқарушы органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ведомстволарының халықаралық шарттар мен келісімдер әзірлеп, жасасу жөніндегі қызметіне құқықтық әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің өзара іс-қимыл жасай отырып, Қазақстан Республикасының көрсетілетін шетел құқықтық көмегін үйлестіру;

9) Үкімет құрамына кірмейтін республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, орталық атқарушы органдарының сондай-ақ республика ведомстволарының азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын немесе ведомствоаралық сипатта қолданылатын нормативтік актілерін мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету;

10) заңды тұлғаларды, қоғамдық және діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету;

жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету; <*>

11) Үкімет құрамына кірмейтін республиканың министрліктеріне, мемлекеттік комитеттеріне, орталық атқарушы органдарына, сондай-ақ республиканың ведомстволарына, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарға олардың заң қызметін ұйымдастыруға және жұмысына жәрдемдесу;

12) мемлекеттік кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда құқықтық жұмыс деңгейін көтеруге жәрдемдесу;

13) нотариат органдары мен адвокатураның азаматтар мен заңды тұлғаларға көрсететін заң қызметінің сапасын бақылауға жәрдемдесу және жүзеге асыру;

14) құқықтық білімді насихаттауды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету, жаппай құқықтық оқулар мен заңдарды түсіндіруге қатысу;

15) Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктеген басқа да тапсырмаларды жүзеге асыру.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақтың 10-тармақшасы жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.11.18. қаулысымен.

10. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) өзінің бастамасы бойынша Республика Президенті мен Үкіметінің тапсырмасы бойынша заңдардың, Президенттің Жарлықтары мен өзге де актілерінің, Үкімет актілерінің жобаларын әзірлейді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шаруашылық бастамасы ретінде әзірленіп заң жобаларының бас әзірлеушісі болып табылады;

2) Үкімет құрамына кірмейтін республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, орталық атқарушы органдары, сондай-ақ республика ведомстволары әзірлейтін заңдардың, Президенттің Жарлықтары мен өзге де актілерінің, Үкімет актілерінің жобаларын құқықтық сараптауды жүзеге асырады;

3) Заң жобаларын, сараптау, зерттеу жұмыстары мен консультацияларды жүзеге асыру үшін осы мақсаттарға арнайы бюджет қаражатын және бюджеттен тыс қаражатты пайдалана отырып белгіленген тәртіппен ғылыми ұйымдарды, мемлекеттік органдардың қызметкерлерін, мекемелер мен ұйымдарды, мамандар мен сарапшыларды, оның ішінде шетел мамандарын да тартады;

4) Республика Премьер-Министрі мен Үкіметінің тапсырмасы бойынша Үкімет актілерін ресми түсіндіруді жүзеге асырады;

5) әзірленетін заңдар, Президенттің Жарлықтары мен басқа да актілерінің, Үкімет актілерінің жобалары бойынша Үкімет құрамына кірмейтін министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, орталық атқарушы органдардан, сондай-ақ республика ведомстволарынан, қоғамдық бірлестіктерден, ғылыми-мекемелер мен оқу орындарынан тұжырымдамаларды сұрайды, олардың өкілдерін осы актілердің жобаларын әзірлеу жөніндегі комиссия құрамына (жұмыс топтарына) тартады;

б) заңдарды жүйелеу мен кодификациялау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, заңдар, нормативтік актілер жинақтарын, кодекстер мен басқа да заң әдебиетін шығарады, тұтынушыларға құқықтық ақпараттық қызмет көрсетуді автоматтандырылған жүйені пайдалана отырып, оларды анықтама-әдістемелік материалмен, заң құжаттарының үлгілерімен жабдықтауды

ж ү з е г е

а с ы р а д ы ;

7) Үкімет құрамына кірмейтін республика министрліктеріне, мемлекеттік комитеттеріне, орталық атқарушы органдарына, сондай-ақ республика ведомстволарына республиканың халықаралық шарттары мен келісімдерін әзірлеу мен жасаудың құқықтық мәселелері бойынша кеңес береді;

8) шет мемлекеттермен құқықтық көмек туралы шарттарды әзірлеуге қатысады және Үкімет берген өкілеттіктерге сәйкес оларға қол қояды;

9) Қазақстан Республикасының кепілдігімен жасалатын займдар бойынша заңдық бағалау (Legal opinion) береді;

10) Үкімет құрамына кірмейтін республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, орталық атқарушы органдарының, сондай-ақ республика ведомстволарының шетелдің құқықтық көмегін тарту жөніндегі жобаларын келісуді жүзеге асырады;

11) өз құзыреті шегінде шет елдермен құқықтық ынтымақтастық туралы шарттар жасасып, олардың орындалуын ұйымдастырады;

12) республика сот жүйесінің қызметін ұйымдастыру, судьялардың тәуелсіздігін нығайту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

13) министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың нормативтік актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, Үкімет құрамына кірмейтін республика министрліктерінің мемлекеттік комитеттерінің, орталық атқарушы органдарының, сондай-ақ республика ведомстволарының нормативтік актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізеді, жалпыға бірдей мағлұматтар үшін тіркелген актілердің тізбесінің жариялануын ұйымдастырады;

14) заңды тұлғаларды, қоғамдық және діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, заңды тұлғалардың Мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады; <*>

15) заң кадрларын даярлау жөніндегі әділет органдары мен мекемелері және сот органдарында кадрларды іріктеу және олардың резервін жасау, әділет органдары мен мекемелерінің судьялары мен қызметкерлерін аттестациялау және біліктілігін арттыру жұмысын ұйымдастырады, жас мамандарға зәрулікті анықтайды, заң оқу орындарының түлектерін бөлуге қатысады;

16) Үкімет құрамына кірмейтін республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, орталық атқарушы органдарының, сондай-ақ республика ведомстволарының аппараттарында, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарда, мемлекеттік кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде құқықтық жұмысқа әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, оны жақсарту жөнінде нұсқаулар әзірлейді, заң қызметтерінің оң тәжірибесін қорытып, таратады, заң қызметі қызметкерлерін оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысқа

қ а т ы с а д ы ;

17) АХАЖ органдарының азаматтық хал актілерін тіркеу туралы ережесін бекітеді және олардың қызметіне әдістемелік көмек көрсетеді;

18) мемлекеттік нотариат органдары қызметіне басшылықты және жеке нотариалдық кеңселер қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, заңды және жеке тұлғаларға көрсетілетін нотариалдық қызмет сапасын бақылауды қамтамасыз етеді;

19) адвокатура қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, азаматтар мен заңды тұлғаларға Үкімет белгілеген тәртіппен құқықтық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияларды тіркейді және береді ;

20) мемлекеттік органдардың құқықтық насихат жөніндегі жұмысына әдістемелік басшылықты жүзеге асырып, үйлестіреді;

21) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының әділет басқармаларына тікелей басшылық жасайды;

22) заң ғылыми-зерттеу институтының, Қазақ мемлекеттік заң институтының, республикалық құқықтық ақпарат орталығының, Қазақ сот сарапшылық ғылыми-зерттеу институтының қызметіне басшылық етеді, ғылыми және оқу процестерін, құқықтық ақпарат тұтынушыларды ақпараттық қамтамасыз етуді, сот сарабын жүргізу практикасын және сапасын жетілдіру жөнінде шаралар қ о л д а н а д ы ;

23) әділет органдары мен соттарды, олардың үйлерін салуды және жөндеуді материалдық-техникалық жабдықтау мен қаржыландыруды ұйымдастырады, заңның талаптарына сәйкес оларда бухгалтерлік есеп пен есеп беруді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, әділет және сот қызметкерлерін материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді, қызметтерін қамтамасыз етуді ұйымдастырудың басқа да шараларын қ а б ы л д а й д ы ;

24) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен бірлесе отырып, облыстық және оларға теңестірілген соттардың, аудандық (қалалық) соттардың жұмысына кешенді тексеру жүргізеді, сондай-ақ сот істерін қарау мерзімін, үкімдер мен шешімдердің орындалуының, материалдық зиянның өтелуінің жай-күйін, алдын алу-профилактикалық қызметін, хаттардың, шағымдар мен арыздардың қаралып, шешілуі жайын тексереді;

25) сот статистикасын, сондай-ақ оған ведомстволық бағыныстағы органдар мен әділет мекемелерінің қызметіне байланысты статистика жүргізу жөніндегі ж ұ м ы с т ы ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

26) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің органдары мен мекемелерінің қызметіндегі тәртіп бұзушылықтары туралы шағымдарды,

арыздар мен хаттарды қарайды;

27) Қазақстан Республикасының заңдарында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақтың 14-тармақшасы жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.11.18. N 1393 қаулысымен. P961393_

11. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігін Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын және қызметінен босатылатын министр басқарады, Министр Үкімет құрамына кіреді, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құзыретіндегі мәселелері бойынша Парламентте Үкімет өкілдігін жүзеге асырады.

12. Министр Қазақстан Республикасының әділет жүйесіндегі барлық органдар мен мекемелер орындауға міндетті бұйрықтар және өкімдер шығарады, нұсқаулар береді, сондай-ақ Жоғарғы Сот төрағасымен бірлесіп Республиканың сот жүйесіндегі қызметті ұйымдастыру мәселелері бойынша республика соттары орындауға міндетті актілер шығарады.

13. Әділет министрі:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қызметіне басшылық етеді және министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауап береді;

2) министр орынбасарларының арасында міндеттерді бөледі және оларға министрліктің органдары мен мекемелері қызметінің жекелеген салаларына басшылық ету жауапкершілігін жүктейді;

3) министрліктің орталық аппаратының басқармалары мен бөлімдері, аумақтық әділет органдары, сондай-ақ министрліктің органдары мен мекемелері туралы ережелерді бекітеді;

4) министрлік аппаратының қызметкерлерін, облыстардың, республикалық мәні бар қалалар мен республика астанасының әділет басқармаларының, заңғылыми-зерттеу институтының, Қазақ мемлекеттік заң институтының, республикалық құқықтық ақпарат орталығының, Қазақ сот сарапшылық ғылыми-зерттеу институтының басшыларын, сондай-ақ олардың орынбасарларын белгілеген тәртіппен қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) әділет органдарының, мекемелерінің, соттардың қызметкерлерін ынталандыру және оларға материалдық көмек көрсету мәселелерін белгіленген тәртіппен шешеді, министрліктің орталық аппаратының қызметкерлеріне, әділет органдары мен мекемелерінің басшыларына және мамандарына тәртіп жазаларын қолданады;

6) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі аппаратының, облыстардың, республикалық мәні бар қалалар мен астананың әділет

басқармаларының, облыстық және оларға теңестірілген соттардың, заң ғылыми-зерттеу институтының, Қазақ мемлекеттік заң институтының, республикалық құқықтық ақпарат орталығының шығындар сметасын, штат кестесін, Қазақ сот сарапшылық ғылыми-зерттеу институтының және жергілікті соттардың санын және шығындар сметасын бекітеді;

7) өзіне заңдарда берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

14. Министр орнында болмаған жағдайда оның міндеттерін министрдің бірінші орынбасары немесе орынбасарларының бірі атқарады.

15. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде министр (төраға), лауазымы бойынша министрдің орынбасарлары, заң ғылыми-зерттеу институтының, Қазақ мемлекеттік заң институтының, республикалық құқықтық ақпарат орталығының, министрліктің жетекші басқармалары мен бөлімдерінің басшылары құрамында алқа құрылады. Алқаның жеке құрамы заңмен белгіленген тәртіппен бекітіледі.

16. Әділет министрлігінің алқасы өз мәжілістерінде министрліктің жұмысы мен қызметінің бағытын ұйымдастырудың негізгі мәселелерін қарайды, әділет жүйесіндегі органдар, мекемелер және оқу орындары, министрлік аппарат басқармалары мен бөлімдері басшыларының есептері мен хабарламаларын, сондай-ақ облыстық және оларға теңестірілген соттар, аудандық (қалалық) және әскери соттар төрағаларының сот қызметін ұйымдастыру мәселелері жөніндегі ақпараттарын тыңдайды, министрлік әзірлейтін заңдардың, Президент пен Үкімет актілерінің жобаларын, министрліктің маңызды бұйрықтары мен нұсқауларының жобаларын талқылайды.

17. Министр мен алқа арасында келіспеушілік болған жағдайда министр орын алған келіспеушілік туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндап, өз шешімін қабылдайды.